

Байғараев Ж.А.
**Европалық Одақ және
Қазақстан**

Бұл мақалада әлемдегі ең дамыған интеграциялық бірлестік Европалық одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы қатынас қарастырылып, талдау жасалды. Әртүрлі саладағы тәжірибесі мол, біртұтас Европалық одақпен ұзақ мерзімді ынтымақтасу, Қазақстан Республикасы үшін әлемнің аса дамыған мемлекеттерінің қатарына енгуге қолдау болатындығының маңыздылығы көрсетіледі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының маңызды векторлары мен басымдықтарының бірі – Европалық бағытты жан-жақты зерттеу, Қазақстан Республикасының халықаралық саясат мәселесіне қосылған үлес болатындығы қарастырылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Европалық одақ, дипломатиялық байланыс, интеграция, декларация, хартия, антидемпинг, Дүниежүзілік сауда ұйымы, инвестиция.

Baigarayev Z.A.
**Kazakhstan and
European Union**

This articles studies and analyzes the relationships between Kazakhstan and European Union, which is the most developed integrated unification. These analyses show that the relationship with European Union that is well-experienced in almost all spheres, has a great potential on leading the Republic of Kazakhstan to the level of the most development countries. The main priorities of foreign policy of the Republic of Kazakhstan includes the important vector – thoroughly studying the European values that would contribute the favorite foreign policies in term of future integrations.

Key words: Kazakhstan, European Union, diplomatic relationship, integration, charter, antidumping, World Trade Organization, investment.

Байғараев Ж.А.
**Европейский
Союз и Казахстан**

В статье сделан анализ отношениям между Республикой Казахстан и Европейским Союзом, который является высокоразвитым интегрированным сообществом. Отмечена важность долгосрочного сотрудничества с единым Европейским Союзом, способствующего ускорению процесса включения Республики Казахстан в число развитых стран мира. Обозначена важность исследования Европейского направления, одной из самых важных векторов и направлений внешней политики Республики Казахстана, представляющей значительный интерес в международной политике Республики Казахстан.

Ключевые слова: Казахстан, Европейский союз, дипломатические связи, интеграция, декларация, хартия, антидемпинг, Всемирная торговая организация, инвестиция.

ЕВРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы егемен ел ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына ерекше назар аударып келеді, өйткені мемлекеттің сыртқы саясаты мемлекеттік суверенитеттің маңызды элементтерінің бірі.

Қазақстан Республикасының әлем мемлекеттерімен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас орнатуға дайындығы, бүгінгі таңда дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігі дәлел.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының векторлары мен басымдықтары анықталған, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының векторларының бірі – Европалық бағыт. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты бағыт – Европалық Одақ ұйым елдерімен ынтымақтастықты дамыту. 2008 жылдың тамыз айында Н.Ә. Назарбаев 2009-2011 жылдарға арналған **«Еуропаға жол»** атты бағдарламасын ұсынып, Европалық Одақ елдері арқылы жаңа серіктестікті қалыптастырудың басты бағыт екендігін атап өтті. Қазақстан Республикасының Европалық бағыттағы сыртқы саясаты екі деңгейде жүзеге асып отыр, яғни бірі Қазақстан Республикасының Европалық Одақпен, екіншісі оның Европалық мемлекеттермен қарым-қатынасы.

Европалық Одақ – әлемдегі ең дамыған және маңызды интеграциялық бірлестік.

Европаны біріктіру идеясының түп тамыры тым тереңде, қазіргі интеграциялық тенденциялар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды да, өзекті мәселеге айналды. Европалық әскери қақтығыстардың көпшілігі, екі ірі европалық мемлекет – Франция мен Германия арасындағы шиеленіс салдарынан болғандығы белгілі, міне осы қайшылықтарды жоймайынша, европалық интеграция туралы айтудың да ешбір орны болмады. Франция мен Германия арасындағы қайшылықтарды жою мәселесі европалық елдердің көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерінің назарында болды. Сөйтіп, Франция мен Германияны әскери-саяси емес, экономикалық негізде біріктіру идеясы туындайды.

Екі атақты француз, экономист Жан Монне мен саясаткер Робер Шуман, Франция мен Германия өндірісінің екі негізгі саласы, көмір мен болат балқыту салаларын біріктіруді, сондай-

ақ уақыт өте келе осы бірлестікке көршілес мемлекеттерде қосылуы мүмкін деген ойды ұсынды.

1950 жылдың 9 мамыр күні Францияның сыртқы істер министрі Р. Шуман өз елінің үкіметінің атынан декларация жариялайды, ол декларацияда Франция мен Германия өндірісінің негізгі салаларын, көмір мен болат бірлестігіне біріктіру идеясын ашық баяндады. Р. Шуман «Біз бос сөзден нақты іске көштік. Европада ынтымақ үшін, бейбітшілік үшін қызмет атқардық. Европа бейбіт өмірді қалыптастыру үшін Франция мен Германия жаңа Европаны құруға жол ашып отыр. Біртұтас Европаның құрылуы, халықтардың тұрмыс жағдайының жақсаруына, өндірістің бірлігі және рыноктың кенеюі, ынтымақтастыққа әкеледі. Мен оған сенімдімін.» – деп айтқан. Франция үкіметі осы идеямен Германия үкіметіне ұсыныс жасайды. Конрад Аденауэр басқарып отырған үкімет бұл идеяны қолдады. Көп кешікпей бұл идеяны, Италия, Бельгия, нидерланды мен Люксембург үкіметтері де қолдады. Сөйтіп, 6 европалық мемлекет Франция, Германия, Италия, Бельгия, Нидерланды мен Люксембург Европаның көмір мен болат бірлестігін құрды, осылай европалық интеграция басталады.

1951 жылы 18 сәуір күні 6 елдің мемлекет пен үкімет басшылары, Париж қаласында Европалық көмір мен болат бірлестігін құру туралы келісімге қол қояды. Бұл келісім 1952 жылдың 25 шілде күнінен бастап күшіне енді. Бұл одақ Европадағы ахуалды түпкілікті өзгертті. Европалық Одақ, алғашқы 6 Европалық мемлекеттен (Бельгия, Германия, Италия, Люксембург, Нидерланды мен Франция) қазіргі таңда 28 Европалық мемлекеттердің экономикалық және саяси бірлестігіне айналды. 28-ші мемлекет болып, 2013 жылы Хорватия мемлекеті Европалық Одаққа мүше болды, мүшелікке кезекте Исландия, Македония, Сербия, Турция мен Черногория мемлекеттері тұр. Европалық интеграция процесі әлі де жүруде, бұл процеске көптеген Европалық мемлекеттер қосылуда. Уақыт өте келе, бірлескен Европа құрамы 35 мемлекетке жетуі мүмкін деген жорамал бар.

Европа бірігуде, жер шарының басқа региондарындағы мемлекеттер бірлескен Европаға өз позицияларын анықтай бастады. Европа әлем мемлекеттерінің назарын өзіне аударуда, өйткені Европа – ең алдымен энергетикалық шикізаттың сыйымды және тұтыну нарығы; Европа – техника мен технологияның ерекше жоғарғы деңгейі; Европа – көптеген елдердің экономикасына капитал мен инвестицияны экспорттаушы;

Европа – өмір сүрудің, білім мен денсаулық сақтаудың жоғарғы деңгейі.

Қазақстан Республикасы да өз назарын Европаға аударды. 1991 жылы Европалық Одақ Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет деп таныды. 1993 жылдың 15 сәуір күні Бельгияда Қазақстан Республикасының елшілігі ашылды, сонымен қатар Европалық Одаққа мүше 7 мемлекет пен Европалық Одақ комиссиясы Алматы қаласында өз елшіліктерін ашты. 1994 жылдың 16-17 желтоқсан күндері Европалық энергетикалық хартияға қол қойылды, бұл құжат Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жасалған тұңғыш халықаралық құжат болды. 1995 жылы 25 қаңтар күні Брюссель қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Европалық Одақ кеңесінің төрағасы Л. Жюппе Европалық Одақпен Қазақстан Республикасының арасында әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар, қол қою рәсіміне Европалық Одаққа мүше 15 мемлекеттің сыртқы істер министрлері де қатысты. Бұл келісім 1999 жылы 1 шілде күні күшіне енді. Осы маңызды құжат әлемдегі ең ірі экономикалық интеграцияланған бірлестікпен жан-жақты саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалады. Қазақстан Республикасы үшін осындай құжатқа қол қоюы, аса ірі жетістік болды.

Қазақстан Республикасы мен Европалық Одақ арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің негізгі мақсаты:

- Саяси мәселелер бойынша үнемі диалог жүргізу арқылы тығыз саяси қарым-қатынасты дамыту;
- Сауда, инвестициялық және үйлесімді экономикалық қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Өзара тиімді экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, азаматтық, ғылыми, технологиялық және мәдени ынтымақтастық үшін негіз жасау;
- Қазақстан Республикасы демократиясының нығаюына бағытталған және нарықтық экономикаға көшуді аяқтауға арналған іс-шараларды қолдау.

2000 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Европалық Одақ елдеріне ресми сапармен барды, сапар барысында Европалық комиссия, Франция, Австрия және Бельгия мемлекеттерінің басшыларымен екі жақты кездесулер өткізді. Франция Президенті Ж. Ширак, Европалық комиссия төрағасы Р. Проди және Солтүстік Атлантикалық альянс (НАТО) ұйымының бас хатшысы Д. Ро-

бертсонмен кездесті. Кездесулер барысында Қазақстан Еуропалық Одақ елдерінің Орта Азия аймағындағы басты серіктес екендігіне зор баға берілді. Еуропалық комиссия төрағасы Р.Проди: «Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақ елдерімен экономикалық байланыстарды кеңейту және дамыту жолындағы қызметі Еуропа нарығы үшін өте қажет бастама, энергетикалық ресурстар Еуропалық Одақ елдері үшін басты серіктестік пен ынтымақтастықты дамытуға басты жеке болып отыр», – деді.

2000 жылдың 2 қазан күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген отырысында, сөйлеген сөзінде, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының шешуші басым бағыттарының бірі – сыртқы саясатты экономизациялау болып табылады деп ерекше атап өткен болатын. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының функционалдық міндеттерінің бірі – Қазақстан Республикасы үшін, ең алдымен экономикалық тиімділік іздеу.

XXI ғасырда мемлекеттер арасындағы сауда мен сауда қатынастарының қазіргі халықаралық қатынастарда орны ерекше. Қазіргі уақытта мемлекеттердің арасында тұрақты сауда қатынастарын дамытуда орнықты бағыт қалыптасты. Қазақстан Республикасы да бұл үдерістерден тысқары қалған жоқ.

Әлемдік нарық үнемі дамуда, сондықтан да Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық мүмкіндігін тиімді қолдану үшін әлемдік нарықтағы өзгерістер мен ауытқуларды үнемі зерттеп, болжап отыру қажет.

Жаһандану мен интеграция жағдайында қалыптасқан ахуал, қазіргі уақытта сауданың әлемдік дамуда негізгі үрдіс екендігін көрсетті. 2000 жылдың 9 қазан күні Еуропалық Кеңес антидемпинг бойынша Еуропалық Одақтың қаулысына қосымша енгізді, яғни Еуропалық Одақ Қазақстан Республикасының экономикасын нарықтық деп таныды. Қаулы 2000 жылдың 12 қазанында күшіне енді, бұл қаулының Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы екі жақты сауданың дамуы мен нығаюы үшін маңызы зор. Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасының экономикасын нарықтық деп тануы маңызды қадам болып табылады.

Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы қатынастардың сәтті дамуының арқауында берік экономикалық негіз жатыр. Соңғы жылдары Еуропалық Одақ Қазақстан Республикасының Қытай мен Ресейді басып озған

сауда және инвестициялық әріптесіне айналды. Біздің елдің экономикасына салынған барлық инвестициялардың 50% астамы және сыртқы сауда айналымының жартысы Еуропаның үлесінде.

2015 жылдың 11 айының көрсеткіштеріне қарасақ, Еуропалық Одақпен Қазақстан Республикасы арасындағы сыртқы сауда айналымы – 28,5 миллиард долларды құраған, яғни 50,4%. 2005 жылдан 2015 жылдың бірінші жартысына дейінгі аралықта Еуропалық Одақ елдерінен Қазақстан Республикасының экономикасына келген тікелей инвестициялардың жалпы ағымы 105 миллиард долларды құраған.

2015 жылдың 21 желтоқсанында Астана қаласында Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасының арасында кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды да, Еуропалық Одақ пен біздің елдің арасындағы қатынастардың жаңа кезеңі басталды.

Алғашқы болып жаңа келісімнің қажеттілігі туралы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы желтоқсан айында Еуропалық комиссияның төрағасы Ж.М. Баррозумен келіссөз барысында ұсынған болатын, осы бағытта бірнеше жылдар бойы белсенді келіссөз үрдістері жүріп, 2014 жылдың күзінде мәресіне жетті.

Жаңа келісім 29 саланы қамтыды, ол саяси мәселелер: халықаралық және аймақтық қауіпсіздік, қарусыздану, сауда-экономикалық мәселелер: инвестициялар, инфрақұрылымды дамыту. Сонымен қатар, инновация, мәдениет, спорт және туризм сияқты басқа да бірқатар бағыттарды қамтыды.

Келісімде көрсетілген барлық салалардың ішіндегі ең маңыздысы, экономикалық сала болып табылады.

Жаңа келісім, қазақстандық және еуропалық кәсіпкерлердің сәтті ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдай жасап отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасының арасында кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюы, Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы қатынастарының жаңа тарауын ашты.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Еуропалық Одақпен іскерлік, қоғамдық-мәдени байланыстарды кеңейтуге, транспорттық және коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, сауда мен өзара инвестицияларды, энергетикалық әріптестіктерді, инновациялық және білім алмастыруды ынталандыруға дайын.

Тұрақты, өркендеген және біртұтас Евро-памен ұзақ мерзімді ынтымақтасу, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне толық үйлесіп тұр, сондай-ақ елдің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге және Қазақстан Республикасының сыртқы саясат концепциясына да сәйкес.

Европалық Одақтың әртүрлі саладағы үлкен мүмкіндіктері мен бірегей тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы әлемнің аса дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуге бағытталған міндеттерді жүзеге асыруда Европалық одақтың қолдауына сенім артып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Абыкаев Н. Казахстан – Европейский Союз: партнерство и сотрудничество // Казахстанская правда. 2000, 24 июня, № 158-159.
- 2 Байзакова К.И. Правовые аспекты сотрудничества ЕС и Казахстана // Европейская интеграция и права человека. – Алматы, 1998.
- 3 Барлыбаев Т. Казахстан – Евросоюз: новая глава отношений. // Казахстанская правда. 2016, 30 января.
- 4 Закон Республики Казахстан от 26 мая 1997 г. №113-І ЗРК о ратификации соглашения о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан, с одной стороны, и Европейскими Сообществами и их государствами-членами, с другой стороны.
- 5 Идрисов Е.А. Об основных направлениях внешней политики Республики Казахстан в новом международном контексте // Дипломатический курьер. – «Астана», 2000. – №3.
- 6 «История европейской интеграции (1945 – 1994)» под ред. А.С. Намазовой, Б. Эмерсон. – Москва, 1995.
- 7 Мәшімбаев С.М. Еуропалық Одақ елдері және Қазақстан Республикасы. – Алматы: «Nurpress», 2012.
- 8 Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алма-Ата: «Дәуір», 1992.
- 9 Новые приоритеты и задачи внешней политики Казахстана // Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. Сборник статей. – Астана, 1998.
- 10 Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана: «Елорда», 2001.
- 11 Токаев К. Казахстан – Европейский Союз: отношение делового сотрудничества // Казахстан и Европейский Союз. Сборник документов и материалов. – Алматы: 1997.

References

- 1 Abykaev N. Kazahstan – Evropeiski Soyuz: partnerstvo i sotrydnihestvo // Kazahstanskaia pravda. 2000, 24 iyna, № 158-159.
- 2 Baizakova K.I. Pravovye aspekty sotrydnihestvo sotrydnihestva ES i Kazahstana // Evropeiskaia integrasii i prava cheloveka. – Almaty: 1998.
- 3 Barlybaev T. Kazahstan – EvroSoyuz: novaia glava otnoshenii. // Kazahstanskaia pravda. 2016, 30 ianvaria
- 4 Zakon Respybliki Kazahstan ot 26 maia 1997 g. №113-І ZRK o ratifikatii soglashenia o partnerstvo i sotrydnihestve megdy Respyblikoі Kazahstan, s odnoi storony, i Evropeiskimi Soobshestvami i ih gosudarstvami-chlenami, s drygoi storony.
- 5 Idrisov E.A. Ob osnovnyh napravleniah vnechei politiki Respybliki Kazahstan v novom megdynarolnom kontekste // Diplomaticheski kyrer. – «Astana», 2000. №3.
- 6 «Istoria evropeiskoi integratii (1945 – 1994)» pod red. A.S. Namazovoi, B. Emerson. – Moskva: 1995.
- 7 Machimbaev S. M. Eypopalyk Odak elderi gane Kazahstan Respyblikasy. Almaty: «Nurpress», 2012.
- 8 Nazarbaev N.A. Strategia stanovleenia i razvitia Kazahstana kak syverennoho gosydarstva. – Alma-ata: «Dayr», 1992.
- 9 Novye prioritety i zadachi vnechei politiki Kazahstana // Aktyalnye problemy vnechei politiki Kazahstana. Sbornik statei. – Astana, 1998.
- 10 Tokaev K. Diplomatiа Respybliki Kazahstan. – Astana: «Elorda», 2001.
- 11 Tokaev K. Kazahstan – Evropeiski Soyuz: otnochenie delovogo sotrydnihestva // Kazahstan – Evropeiski Soyuz Kazahstan i Evropeiski Soyuz. Sbornik dokumentov i materialov. – Almaty: 1997.